

**Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Карагандинский государственный технический университет  
Научно-исследовательский институт патриотического воспитания  
Кафедра истории Казахстана**

«Алаш» қозғалысының 100 жылдығына  
және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған  
**«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ  
ЖӘНЕ СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІН»**  
АТТЫ ЖОО АРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ

## **ЕҢБЕКТЕРІ**

**2017 жылғы 28 ақпан**

## **ТРУДЫ**

МЕЖВУЗОВСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
**«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ  
ЖӘНЕ СТАЛИНДІК ҚУҒЫН-СҮРГІН»**,  
посвященной 100-летию движения «Алаш»  
и памяти жертв политических репрессий

**28 февраля 2017 года**

**Караганда 2017**

УДК 316.4.063.7=512.122  
ББК 63.3 (2)614-361=632.4  
Т 54

**Труды** межвузовской научно-практической конференции «**Алаш қозғалысы: ұлттық интеллигенция және сталиндік қуғын-сүргін**», посвященной 100-летию движения «Алаш» и памяти жертв политических репрессий, 28 февраля 2017 г. / Министерство образования и науки РК; Карагандинский государственный технический университет. – Караганда: Изд-во КарГТУ, 2017. – 480 с.

ISBN 978-601-315-242-4

В Трудах опубликованы выступления участников Пленарного заседания, тезисы докладов Межвузовской научно-практической конференции, в которых представлены результаты исследований жизни и деятельности казахской интеллигенции начала XX века; общественно-политических идей алашординского движения; роли его лидеров в решении вопросов защиты и реализации национальных интересов, в разработке концепция казахской государственности. Лейтмотивом является то, что идеи партии «Алаш» до сегодняшнего дня актуальны; осмыслить историю «Алаша» казахстанцам еще только предстоит.

Материалы трудов предназначены для ученых, специалистов, преподавателей, магистрантов и студентов вузов.

УДК 316.4.063.7=512.122  
ББК 63.3 (2)614-361=632.4

Главный редактор  
**профессор М.К. Ибатов**

Редакционная коллегия:  
Касимова С.С., Глеугабылова К.С., Теміржанова Ш.М.

ISBN 978-601-315-242-4

© Карагандинский государственный  
технический университет, 2017

**Бижанова М.А.** АТУ, Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты  
**Нұрбекова М.М.** Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп, тарих пәнінің мұғалімі

## **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНДАҒЫ РОЛІ**

Қазақ халқының өткені мен бүгінін ғылыми зерттеу мәселесі халқымыздың рухани мәдениеті мен тарихын өркендету үшін аса маңызды екені белгілі. Тәуелсіздікке қол жеткізген ширек ғасырда елімізде ежелден қалыптасқан халқымыздың тарихи-рухани бастауларына, оның идеялық эволюциясына мән беріліп, көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіліп жатқаны белгілі.

XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. XX ғасырдың басында Ресей империясы терең күйзеліске ұшырап, оның құрамындағы халықтардың ұлттық сана-сезімі оянып, олар өзіндік мемлекет құру, төл мәдениеті мен тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалу мәселелерін күн-тәртібіне қоя бастады. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ елін азаттыққа үндеген қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді.

Қазақ халқы XX ғ басында өз ішінен талай-талай дарынды, өз халқының бостандығын армандаған, сол үшін жан-тәнін аямаған азаматтарды тудырды. Солардың ішінен ерекше тұлғалар ретінде Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаевты атап өтуге болар еді.

Дәуірдің басындағы қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы болып, бастапқыда «Қазақ» газетіне топтасып, кейіннен «Алаш» ұлттық қозғалысын басқарып, Алаш-Орда үкіметін құрды. Олар жалпыресейлік федерация құрамында қазақтардың теңқұқықтығын талап етіп, жерді басып алуды тоқтатуды, орыстандыру саясатына қарсы ұлттық-мәдени тиесілікті сақтауды ұран қылып көтерді.

Олардың көбі қоғамды демократиялық реформалар арқылы өзгертуді қалады. Бірақ, өз өмірлеріне төнген қауіпке қарамастан халықты ағарту, өзіндік сана-сезімін дамыту істерін тоқтатқан жоқ. Өйткені, олар халықтың болашағын көздеді, еліміздің өз егемендігіне жететіне сенді және сол үшін еңбек етті. Олар халыққа білім беру жолында мектептерде жұмыс істеп, неше-түрлі оқулықтар мен газет-журналдарды, романдар мен өлеңдерді, пьесаларды шығарды, халықтан қалған тарихи мұраларды зерттеп, жарқын болашақты жақындату үшін барлық жағдайды жасады [1].

Жиырманшы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының көзқарастары терең демократиялық және гуманистік сипатта болды. Олардың шығармаларында адамның болмысы мен еркіндігі, өмірдің мәні, дін мен еркіндіктің арақатынасы т.б. мәселелердің де көтерілгенін атап айтуымыз керек. Қазақ ойшылдары кісі бойындағы даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағалай білді. Философиялық мәселелерді ізгілік пен қараулық аясында қарастырып, дүниетанымдық ойларын этикалық бояумен астастыра бейнеледі.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітабы қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған өткір сөздердің бірі болды. Ұлт зиялысының ақындық сөзі қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. «Оян, қазақ» халықты мешеуліктің, надандықтың шырмауынан құтылып, әділеттік үшін, өнер-білімге, мәдениетке жету үшін күресуге шақырған күшті ұран болып естілді, солай қабылданды.

Міржақып Дулатов патша үкіметінің саясатын әшкерелеп, заңсыздыққа, халыққа қысым жасаушылыққа қарсы шықты. Қазақ жастарын оқыту, мектеп ашу қазақша газет-журналдар шығару қажеттігін айта отырып, орыс тілін, мәдениетін игеруге де ерекше мән берді.

Ұлт зиялыларының ақындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. Осындай мазмұнда жазылған Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған өткір сөздердің бірі болды.

Міржақып Дулатов:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!  
Жер кетті, дін нашарлап, Хал һарам боп,  
Қазағым, енді жату жарамасты! - десе, [ 2,15]

Ахмет Байтұрсынов:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды бәле дедік аңдып баққан.  
Бәленің түрін көрген мен сары маса

Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан, - дейді [3, 27 б.].

Әр адам жеке басының ғана қамын ойламай, елінің, ұлтының қамын ойлауы керек, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан ұрпаққа тарайды.

Жүсіпбек Аймауытов жалпы адамзаттық құндылықтарды таптық мүддеден жоғары қойды. Өзі өмір сүрген қоғамның идеологиясын терең түсінген Жүсіпбек қазақ халқын ұлттық қалыптан айыру қаупі тұрғанын сезді. Бұл жағдайдан тек ұлттың ой-санасын ояту арқылы ғана сақтап

қалуға, сол арқылы халықты еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізуге болатынын дәлелдеді. Жүсіпбек Аймауытов өз заманында айтқан мынандай сөздері халыққа деген терең жанашарлығының айғағы болып табылады: «Біздің халықтың ішінде жік те жоқ, құл да жоқ. Біртегіс өнер білім алуға құқы бар, ерікті теңдес азаматтары ғана бар екенін білеміз. Біздің мақсатымыз: өнер – білімнің жарық сәулесіне ерікті азаматтарға жол ашу, тұйықта жатқан сансыз таланттардың (озаттықтардың) өрбуіне себепші болу. Сөйтіп, өнер, білім жемісін халыққа тегіс жеткізу әр адамның ақыл күші дамуына кең майдан ашамыз, көпке бірдей білім негізін құрамыз» [4]. Міне, қоғамдық қайраткердің ойлары адамның рухани жетілуіне шақырады.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қатарында болған Мағжан Жұмабаев та қоғамды өзгерту мақсатына олармен бірге саяси іске араласты, ел болашағын өлеңмен өрнектеді:

Алдындағы малымен  
Бірге жусап, бірге өрген,  
Алаш деген елім бар.  
Неге екенін білмеймін –  
Сол елімды сүйемін! [5, 79 б.]

Мағжан саясатқа өз басының қамы үшін емес, ұлтының қараңғы, надан қалпын ойлап араласты. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге болады деп есептеді.

XX ғасырдағы қазақ зиялыларының қайсысы болсын өз өмірлерінің мәні туған халқына қызмет ету деген азаматтық ұстанымды ғұмырларының темірқазығы деп ұғынғаны. Олар өз елінің айрықша өркендеп, өркениетті жұрттар қатарына қосылуын армандады, сол мақсат жолында еңбек етті, тіпті жанын да қиды. Ұлт зиялыларының ұлы арманы Кеңес Одағы ыдырап, әлем картасында түркі халықтарының жаңа тәуелсіз мемлекеттері пайда болғаннан кейін ғана жүзеге аса бастағаны белгілі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ұлттық идея және қазақ философиясы. / Нұрмұратов С.Е., Нұрланова Қ.Ш., Әлжан Қ.Ұ., Сатершинов Б.М. және т.б. Алматы: КБО ФжСИ, 2010. - 240 б.
2. Дулатұлы М. Оян қазақ! - Алматы: «Алтын Орда», 1991. - 80 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) - Алматы, «Ана тілі», 1992. – 448 бет.
4. Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. 4-том. Алматы, Ғылым, 1998, - 446б.
5. Жұмабаев Мағжан. Шығармалары [Текст]: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. - Алматы: «Жазушы», 1989.-448 б.

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1. **Ибатов М.К.** Алғы сөз..... 3
2. **Әбішев Ж.А.** Құттықтау сөз..... 5
3. **Оспанова К.Б.** Приветственное слово..... 7

### *Пленарные доклады*

1. **Алдажұманов Қ.С.** Қазақстандағы саяси репрессиялар тарихының өзектілігі..... 10
2. **Смағұлов А.А.** Ж.Ақбаев еңбектеріндегі идеялардың қазіргі Қазақстан құқығының қалыптасуына әсері..... 14
3. **Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Л.** Алаш зиялыларының «Мәңгілік Ел» мұраты..... 20
4. **Сактаганова З.Г.** Партия «Алаш»: этапы истории..... 23
5. **Бейсенбекова Н.А.** Әлихан Бөкейхан XX ғасырдың басындағы халықаралық жағдай туралы..... 29
6. **Турсынова Ж.Ж.** Гордость казахского народа – Жакып Акбаев 34
7. **Шотбакова Л.К.** Репрессированная тюркология: судьбы казахской интеллигенции Центрального Казахстана сквозь призму двух революций 1917 года..... 37
8. **Өскембаев Қ.С.** Ә.Ермеков өмірі – ұрпаққа аманат..... 44
9. **Қасымова С.С., Ушакова К.В.** Нығмет Нұрмақов – мақтанышы, ар-намысы қазақтың..... 55

### *Доклады*

1. **Абдикаримова Г.Б.** Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың еліміздің ғылымын дамыту жолындағы қызметі..... 62
2. **Абдикулов Н.А., Атыбек А.Б., Калиаскаров Н.Б.** Алаш арыстары айтқан асыл сөз..... 65
3. **Абильгазин Б.И., Рахымбаева Г.Ж.** Ұлт болашағы жолында біріккен алаш тұлғалары..... 68
4. **Абильжанова Ф.Б., Кәдірман Ә.** Алаш қозғалысы – күрес эволюциясы..... 71
5. **Акашев С.А., Жанзаков Қ.Ғ., Сүйіндік Б.** Алаш зиялыларының шығармашылық қызметіне шолу..... 74
6. **Акишева М.Т., Алиханова А.Е., Даниярова А.Ж.** Движение Алаш: национальная интеллигенция и сталинские репрессии..... 76
7. **Алдыназарова Р.М., Кишенова А.Ю.** Движение «Алаш» – эпохальное явление XX века..... 78
8. **Алишев Б.Ж., Коржумбаева М.Б., Буламбаева Ж.Р.** Алаш қозғалысы: дәуір мүмкіндігі және күрес эволюциясы..... 81

9.	<b>Алшынбаева М.А., Алшынбаева Д.А., Дуйсенбаева М.С.</b> Алашты тербеткен мекен.....	84
10.	<b>Альжанова Г.Б.</b> Роль казахской интеллигенции в развитии Казахстана.....	87
11.	<b>Амангелдіұлы Ә.</b> Алаш қозғалысы.....	90
12.	<b>Амантай Л.Қ., Серікбай М.Ә.</b> Алаш қозғалысы және алашорда үкіметінің тарихи деректері.....	93
13.	<b>Асқарова Ж.М.</b> Алашорда үкіметінің саяси рөлі және қазақ зиялылары.....	95
14.	<b>Ахметов А.Е., Орманбаева Г.Б.</b> Алаштың арысы – Мұхаметжан Тынышбаев.....	98
15.	<b>Ахметов А.Г., Орынбек Ф.Т., Маймурынова А.А.</b> Алаш қозғалысының көсемдері.....	101
16.	<b>Ахметова Г.Р., Абдрахманов Д.З.</b> Қасіретті жылдар халық жадында.....	104
17.	<b>Әбетай Д.</b> Алаш қозғалысы және ұлттық идея.....	107
18.	<b>Әбілқасов Ғ.М., Хасен М.Ә., Абылқасова Г.М.</b> Алаш деп ұран салған – Міржақып Дулатұлы.....	110
19.	<b>Әли А.Ә.</b> Ұлт жанашыры Мағжанның жұмбақ өлімі.....	113
20.	<b>Әлімхан Ж.Ә., Рамазанова М.С.</b> Карлаг – Сталиндік қуғын-сүргіннің азалы тарихы.....	116
21.	<b>Әріпбай А.С., Мәлік Ә.С.</b> Қоғам қайраткері Мустафа Шоқайдың «Алаш» қозғалысында көрсеткен ерлігі.....	119
22.	<b>Байц В.Е., Имангалиева К.Ж.</b> «Алаш» – первый шаг к независимости казахского государства.....	123
23.	<b>Бақан Н.</b> Алаш Орданың құрылуы. Алаш зиялылары.....	125
24.	<b>Барыс Н.Б.</b> Алаш партиясы бағдарламасының бастауы.....	128
25.	<b>Бейсенбекова Н.А., Химади М.С.</b> Орталық Қазақстан зиялылар өмірінің кейбір беттері (1920-1950 жж.).....	131
26.	<b>Бекжанова А.Д., Есбаева А.Ж., Сағындық А.</b> Ұлттық интеллигенция және сталиндік қуғын-сүргін.....	134
27.	<b>Бекмұхамбетова С.Е.</b> Алаш қозғалысы.....	137
28.	<b>Бижанова М.А., Нұрбекова М.М.</b> Алаш қайраткерлерінің ұлттың рухани дамуындағы ролі.....	140
29.	<b>Біләлова Ж.С., Ганиева Ф.М., Ақылтаева С.Д.</b> Алаш көгіндегі күн – Әлихан Бөкейханов.....	143
30.	<b>Болат О.М., Әбдікерова Г.Ж.</b> Алаш қозғалысы – тарихи-саяси, айрықша құбылыс.....	146
31.	<b>Бралина Ж.Т.</b> Репрессияға ұшыраған интеллигенция.....	149
32.	<b>Буштаева Г.М.</b> Алаштың ақиық тарландары.....	152